

● **ПРЕЗИДЕНТ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ**

**Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын
графикасына көшіру туралы**

Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрсын; қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етсін; осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 26 қазан № 569

*Қазақстан Республикасының Президентінің
2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығымен бекітілген*

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИ**

№	Жазылуы	Дыбыстауы	№	Жазылуы	Дыбыстауы
1	А а	[a]	17	Ң ң	[ɲ], [ɲʲ]
2	А' а'	[a']	18	О о	[o]
3	В в	[b]	19	О' о'	[o']
4	Д д	[d]	20	Р р	[r]
5	Е е	[e]	21	Q q	[k]
6	Ғ ғ	[ɢ]	22	R r	[p]
7	G g	[ɢ]	23	S s	[c]
8	G' g'	[ɢ']	24	S' s'	[ɟ]
9	Һ һ	[x], [h]	25	C' c'	[tʃ]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[i'], [iʲ]	27	U u	[y]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[y']
13	K k	[k]	29	V v	[b]
14	L l	[l]	30	Y y	[w]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[w']
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

БИІК МАҚСАТТАРҒА БАСТАҒАН ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарық көргеннен бастап қоғамда қызу талқыланып келеді. Әсіресе, әліпби мәселесі жұртшылықтан қызу қолдау тапты.

Елбасының ұзақты болжайтын көрегендігі мен сындарлы саясаты тәуелсіз мемлекетімізді одан әрі өркендетері сөзсіз. Президенттің латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін бекіту туралы Жарлығын өзін қуанышты жаңалық ретінде қабылдадым. Ғалымдар да, тарихшылар да, тіл мамандары да өз жұмысын жасады. Ең бастысы, халықтың талқысына салып, көпшіліктің сүзгі елегінен өткізіп алды. Ел қабылдаған, қоғам қолдаған нұсқаны бекітті. Бұл тарихи шешім арқылы ғылым мен ақпаратта үлкен жетістіктерге жететінімізге сенімім көміл. Өйткені, латиница бізді ғылым мен жаңа технологияларды игеруге жақындата түсері анық. Бұл тұрғыдан алғанда ғылым-білімге құштар жандар мен цифрлы технологияны игергісі келетіндер латын әліпбиін тезірек меңгереді деп ойлаймын.

Дегенмен, алдағы уақытта жаңа әліпбидің іске асыру тетіктерін бағдарлау, ғылыми-әдістемелік жоспарын жасау, көпшіліктің кеңесін зерделеу секілді тағысын-тағы міндеттер толып жатыр. Сондықтан да, әліпбидің ережелерін, оқулықтарын, мамандарын дайындау ісіне асықпай, үлкен дайындықпен келу қажет деп есептеймін.

Болат БОРАНБАЙ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты.



Соңғы жылдары қала құшағы алып құрылыс алаңына айналды. Тұрғын үй салу бойынша көш бастадық. Өңірде бой көтерген жаңа нысандар аймақ ажарын айқындай түсті. Күні кеше облыста апатты үйлер мәселесі толығымен шешілді. Жаппасбай батыр көшесі мен Титов қыстағындағы көпқабатты үйлер пайдалануға беріліп, 305 отбасы қоныс тойын тойлады. Қуанышпен бөлісуге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев арнайы келіп, тұрғындарға баспана кілтін табыстады.

АПАТТЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҮЙЛЕР ЖОЙЫЛДЫ

— 2013 жылы облыста 869 үй апатты жағдайда деп танылған. Қазір көңілді күпті еткен мәселе шешімін тапты. Соңғы жылдардағы толайым табыстың бірі ретінде тұрғын үй құрылысының қарқын алуын айтуға болады. Мысалы, 2004 жылы облыс бойынша



Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
Суыртті түсірген: **Бағдат ЕСЖАНОВ.**

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28

ҚАЗАН
СЕНБІ

2017 жыл
№164 (19450)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● **«АЛТЫН ДӘН – 2017»**

ЕРЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында мерекелік «Алтын дән – 2017» салтанаты болып өтті. Мерекелік шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Ауыл еңбеккерлерінің жемісті еңбегін паш ететін жиын егіс басында тербелген алтын дөңді күрішті алқапты бейнелейтін хореографиялық композициямен ашылды.

Думанды кештің салтанатты бөлімінде облыс басшысы сөз сөйлеп, аймақ дикандарын толағай табыстарымен құттықтады.

— Ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін ескере отырып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабылеттігі» атты Қазақстан халқына Жолдауында аграрлық секторды экономиканың жаңа көшбасшысына айналдыру жөніндегі міндетін орындауды мақсат тұтқан облыстың ауыл шаруашылығы саласының еңбеккерлері үстеміздегі жылды да табысты қорытындылады, — деді облыс әкімі.

Шынында да, биылғы жылы 91 мың гектар күріштен тұңғыш рет облыс тарихында болмаған жарты миллион тоннадан астам алтын дән қамбаға күйылды. «Дикандардың ерен еңбегінің, қуаттылығы жоғары жаңа заманауи астық жинайтын агрегаттардың арқасында биылғы астық жауын-шашынға ұрынбай ысырапсыз жиналды. Бүгін біз дала еңбеккерлерінің нәтижелі жұмыстарының жемісін көріп, еңбек мерекесін тойлаудамыз», — деген аймақ басшысы ерен еңбектің жоғары үлгісін көрсете білген Сыр дикандарына Елбасы ерекше ризашылығын жеткізгенін, жеделхат жолдағанын айтты.

Биылғы жылдың 9 айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 61 млрд теңгеге жетіп, өсім 4,1 пайызды құрап отыр. Жыл сайын салаға салынып жатқан инвестиция көлемі еселеп өсіп келеді. Соңғы үш жылдың ішінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 17,7 есеге артса, тамақ өнімдерін өндіру саласына тартылған инвестиция көлемі 6 есеге дейін өсті. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін сату нарығын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Көп жылдардан бері қордаланып келген бақшалық дақылдар экспорты да қолға алынды. Нәтижесінде биылғы жылы оның көлемі 8 есеге дейін артты. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында аймақта ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 48,3 пайызға өскенін айрықша атап өту қажет.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл күріш экспорты 53 пайызға немесе 19 мың тоннаға артты. Биыл күріштің



алғашқы 60 тоннасы Иранға экспортқа жіберілетін болса, алдағы жылдары ирандық күріш сорттарын 5 мың гектарға егу көздеуде. Нәтижесінде жылына кем дегенде 10 мың тонна күріш экспорттау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, биылғы жылы Ресейге 110 тонна көкөніс, 5933 тонна бақша өнімдері экспортталса, Иран Ислам Республикасы мен Біріккен Араб Әмірлігіне 2 мыңға тарта қой жіберілген. Жуырда облыс делегациясы Иран Ислам Республикасының Мазандаран, Гүлістан провинцияларына ісапармен барып қайтты. Сапар нәтижесінде ирандық сорттарды аймақта өндіруді қаржыландыру және өнімді Иранға экспорттау жөнінде келісім жасалды.

Облыс әкімі өз баяндамасында ауыл шаруашылығы сала-

сында атқарылған осындай жетістіктерді тарқатып айтты, бұл бағыттағы жұмыстар әлеуеттің әлеуетін арттыратынын атап өтті.

Шара барысында күзгі егін жинау жұмыстарының қорытындысымен еңбек озаттары марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар азаматтарға ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Құрмет грамотасы» берілсе, бірқатар азаматтар «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», «Еңбек ардагері», «Еңбек данқы» және «Ы.Жақаев» төбелгілерімен нағардалды.

Салтанат соңы мерекелік концертке ұласты.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

● **ҚАБЫЛДАУ**

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ауыл шаруашылығы саласының ардагерлерімен кездесті.

Жылы жүзделуде аймақ басшысы ауыл шаруашылығы саласының жетістіктері жөнінде әңгімеледі.

Облыс әкімінің айтуынша, Сыр дикандары биыл да ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, ала жаздағы еңбегі мен тынымсыз тіршілігінің

арқасында орасан табыстарға қол жеткізді.

— Облыс күрішшілері биыл осымен бесінші жыл қатарынан күріштен рекордтық өнім жинады. Нақтырақ айтқанда, күріштің әр гектарынан әзірше 55,3 центнерден өнім алынып, Отан қамбасына бірінші рет жарты миллион тоннадан астам күріш салысын күйды. Сыр астығының мол жиналуы — облыс жұртшылығының ынтымағы мен

бірлігінің жемісі, инженерлік жүйелердің жөндегендігінің, Краснодар аймағының ғалымдарымен бірге дән сапасына байланысты атқарған қыруар жұмыстың, күріш кластерін қалыптастырып, «Байқоңыр» агрохолдингінің нәтижелі жұмысын ұйымдастырудың, басқа да шаралардың нәтижесі деп ойлаймын, — деді облыс әкімі.

Айта кету керек, ағымдағы жылдың 9 айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 61 млрд теңгеге жетіп, өсім 4,1 пайызды құрап отыр. Жыл сайын салаға салынып жатқан инвестиция көлемі еселеп өсуде. 2013 жылмен салыстырғанда 2016 жылы ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 17,7 есеге өссе, тамақ өнімдерін өндіру саласына тартылған инвестиция көлемі 6 есеге өскен. 2013 жылдан бастап аграрлық секторды әртараптандыру қолға алынды. Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығының өзінде облыс бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 48,3 пайызға өсті.

Салада атқарылған ауқымды жұмыстарды және қол жеткізген жетістіктерді баяндай келе аймақ басшысы бұл табыстарға тоқмелейсуге болмайтынын, саланы мұнан әрі дамыту

бағытында әлі де түрлі маңызды жұмыстардың жасала беретінін жеткізді.

— Ардақты ардагерлер, сіздердің ауыл шаруашылығын дамытудағы жасаған ерен еңбектеріңізді қазіргі ұрпақ лайықты жалғастырып келе жатыр деуге әбден болады. Сіздер сала жұмысын жақсы түсінесіздер, себебі, еңбектің қайнаған қазанында пісіп жетілдініздер. Сол себепті бүгінгі кездесуде өздеріңізбен ой бөлісіп, пікірлеріңізді тыңдасам деген ниетім бар, — деді облыс басшысы.

Осы ретте еңбек ардагерлері Сейілбек Шаухаманов, Сәмит Далдабаев, Исағали Жұмағұлов және басқалары ауыл шаруашылығын дамытуда көкөніс, бақша өнімдерін көптеп егу, кооператив жұмысын жандандыру, мал шаруашылығын дамытуда еңбек адамын ынталандыру, малға азық, жерге құнар болатын жоңышканы көптеп егу жөнінде ой-пікірлерін ортаға салды. Социалистік Еңбек Ері Сәлима Жұмабекова ауыл шаруашылығын дамытуда аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың берекелі тірліктеріне ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Айнұр БАТТАЛОВА.



Елбасы «Мәңгілік Ел» идеясының аясында еліміздің рухани жаңғыруына негіз болатын болашаққа бағдарлымызды айқындап, бұл тұрғыда жаһандық бәсекелестік талаптарына сай біршама батыл шешімдерін алға тартқан болатын. Соның бір жарқын көрінісі – мемлекеттік тілімізді реформалау саясаты. Яғни қазақ тілінің латын графикасына негізделген жаңа әліпбині қабылдау жөнінде бастама көтерілді. Бұл Тәуелсіз еліміздің тарихындағы аса маңызды қадам деп айтуымызға толық негіз бар.

Өздеріңізге белгілі, аталған мәселе қоғамда қызу талқыланып, оған еліміздің ғалымдары, саясаткерлері, халық қалаушылары, тіл мамандары өз тарапынан ұсыныс, пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, қоғам өкілдері, қалың бұқара да осынау саяси салмақты бастамадан

● БРИФИНГ

Жаңа әліпби – жасампаздық үлгісі

калыс қалмай, үн қоса білді.

Жаңа әліпбиді әзірлеу барысында жүзделген жобалар қаралғанымен, оның ішінде екі жоба іріктеліп, Елбасының назарына ұсынылған еді. Мемлекет басшысы қоғам тарапынан қолдау тапқан соңғы жобаны қабылдау жөнінде өзінің нақты шешімін алға тартып, қазақ тілі әліпбин қириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

Жағымды жаңалықты аймақ жұртшылығымен бөлісу мақсатында өңірлік коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг ұйымдастырылды. Онда аталған мәселе төңірегіндегі қоғамдық талқылауларға белсенді түрде атсалысып жүрген облыстағы белгілі тіл мамандары – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Абасилов, тілдерді оқытудың өңірлік орталығының директоры Нұрсәуле Мусаева және аталған университеттің ата оқытушысы Болат Боранбай БАҚ

өкілдерімен кездесіп, жаңа әліпбидің қабылдануы барысында ой-пікірлерімен бөлісті.

Ғалым А.Абасилов мемлекеттік тілді реформалау саясатын жалпы халық жылы қабылдағанын атап өтті.

– Ең бастысы, жаңа әліпбиіміз қабылданды. Онда қазақ тіліндегі 28 дыбыс, сонымен бірге төрт кірме дыбыстар бар. Елбасы 2025 жылға дейін мемлекеттік тілді жаңа әліпбие қолдануына шешім қабылдауға уәдесін берді. Осынау тарихи таңдауымыздың жемісі келешектің еншісінде, – деді.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың аға оқытушысы Болат Боранбай:

– Кез келген әліпбиді қабылдау барысында дыбыс және дыбыстың бейнеленуі және әліпбидің емле ережесі барынша сапалы жасалуы тиіс. Айталық, сонау 1930 жылдары қолданыста болған әліпбидің емле ережелерін негізге алуға болатын сияқты. Өрине, бұл орайда тіл мамандары жұмыс жасайтын болады. Қорыта айтқанда, Елбасының бүгінгі таңда алға тартып отырған рухани жаңғыру саясатының тұп-тамыры осында жатыр, – деп ойын түйіндеді.

Ғазиза ӨБІЛДА.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІНІҢ МАРАПАТЫНА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН УСЫНЫЛУШЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы,	Аудан атауы
ҚР АШМ «Еңбек ардагері» медалі			
1	Әлиев Муса	«Агро-Өркен» ЖШС директоры	Қазалы ауданы
2	Асқарова Ханбibi	Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің төрайымы	Жалағаш ауданы
3	Оразбеков Ерғали	Ауыл шаруашылығы саласының ардагері, зейнеткер	Жаңақорған ауданы
ҚР АШМ «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі			
1	Елемесов Сапарбек	Ақтөбе а/о «Ақтөбе и К» ЖШС, бас агроном	Қармақшы ауданы
2	Қадыров Бердібек	«Шаған Жер» ЖШС директоры	Сырдария ауданы
3	Қадыров Өтеубай	«Қадыров» ШҚ төрағасы	Шиелі ауданы
4	Шайменов Арыстанбек	«Искер-М» ЖШС агрономы	Қызылорда қаласы
ҚР АШМ «Күрмет грамотасы»			
1	Қабышев Асылбек	«Болатбек» шаруа қожалығының жетекшісі	Арал ауданы
2	Шайық Кеңес	«Агро-Өркен» ЖШС егіс бригадирі	Қазалы ауданы
3	Тоғызбаев Үсен	Жаңажол а/о «Жаңажол» ЖШС, бас гидротехник	Қармақшы ауданы
4	Андақұлов Мұратбек	«Ер-Өлі» ШҚ бригадирі	Жалағаш ауданы
5	Смайлов Жангелді	«Қызылдиқан» ШҚ күрішшісі	Сырдария ауданы
6	Мықанов Қалықберді	«Халық» фермер қожалығы	Шиелі ауданы
7	Ушатов Серік	Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі	Жаңақорған ауданы
8	Әбдібеков Данабек	«Ақжол» ШҚ төрағасы	Қызылорда қаласы
9	Оспанов Көшен	«Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС күрішшісі	Қызылорда қаласы
10	Майлыбаев Құрбанай	Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы	Қызылорда қаласы

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПТІ ОДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ САЛАЛЫҚ НАҒРАДАСЫ

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы,	Аудан атауы
«Еңбек даңқы» төсбелгісі (I дәрежелі)			
1	Кан Виктор	III интернационал а/о «Достық Жер МК» ЖШС, бригадир	Қармақшы ауданы
«Еңбек даңқы» төсбелгісі (II дәрежелі)			
2	Топиев Әділхан	«Қадыров» ШҚ механизатор-жатист	Шиелі ауданы
3	Терекұлов Оразбек	«Байтабын» ШҚ күрішшісі	Жалағаш ауданы
«Еңбек даңқы» төсбелгісі (III дәрежелі)			
4	Ысқақов Ғанибек	«Ақжарма И К» фермер қожалығының аға өндіріс бригадирі	Сырдария ауданы
5	Сыздықов Қайсар	«Заман-Ата» ШҚ төрағасы	Жаңақорған ауданы

«АЛТЫН ДӘН – 2017» САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАСЫ БОЙЫНША НОМИНАЦИЯЛАР ТІЗІМІ

р/с	Номинациялар түрі	Аты-жөні	Аудан
1	үздік аудан	Өмреев Ғалым	Жаңақорған
2	озат аудан (егін шаруашылығы)	Мақашов Сұлтан	Қармақшы
3	озат аудан (мап шаруашылығы)	Сәрсенбаев Қайратбек	Шиелі
4	озат аудан (өңдеу саласы)	Нағібаев Нұрлыбек	Қызылорда қаласы
5	үздік шаруашылық, I орын	«Ақтөбе и К» ЖШС Іздібаев Нұрлан	Қармақшы
6	үздік шаруашылық, II орын	«Байтабын» ЖШС Мыханов Сапарбек	Жалағаш
7	үздік шаруашылық, III орын	«Аймақ» ШҚ Жұмбеков Дәулет	Шиелі
8	үздік бригадир	Саметов Байғатай «Жаңажол» ЖШС	Қармақшы
9	үздік бригадир	Абдықалыков Әболпат «Егінші» ЖШС	Жалағаш
10	үздік бригадир	Қыдырәлиев Қоңысбек «Мағжан және К» ЖШС	Сырдария
11	үздік қоймбайыншы	Сыдықов Бақытбек «Сыр Маржанын» ЖШС	Қазалы
12	үздік жатист	Жақылов Тенеп «Р3А-Агро» ЖШС	Қазалы
13	үздік күрішші	Сарыбаев Батырбек «БАҚ» ШҚ	Сырдария
14	үздік күрішші	Құлбарқов Ақылбек «Тұрмағамбет» ЖШС	Қармақшы
15	үздік күрішші	Күзетбаев Омар «Достық жер МК» ЖШС	Қармақшы
16	үздік егінші (бидай)	Тұрсынбаев Ғалымжан «Сұңқар» ШҚ	Жаңақорған
17	үздік жоңышқа өсіруші	Ибрагимов Сейтмұрат «Өзгент-С» ШҚ	Жаңақорған
18	үздік көкөнісші	Жеке қожалық Тұрғанбаев Алтынбек	Шиелі
19	үздік өңдеу кәсіпорын	«Ақжарма и К» фермерлік қожалығы Нұрсейітов Қайрат	Сырдария
20	үздік бағбан	Жеке қожалық Оспанов Жұмабек	Қызылорда қаласы
21	үздік картоп өсіруші	Ташматов Бағдат «Мақаст» ШҚ	Шиелі
22	үздік бақша өсіруші	Нұртаев Мұхтар «Мағро» ШҚ	Жалағаш
23	үздік агроном	Серикбаев Әбдіқарим «Шаған Жер» ЖШС	Сырдария
24	үздік гидротехник маманы	Рысдаулетов Сәрсен «Қызылордасуар» өндірістік ұшаскесінің су пайдалану бөлімінің басшысы	Қызылорда
25	үздік майлы дақыл өсіруші	Ембергенов Сәкен «Ақбай» ШҚ	Арал
26	телевидение желісі арқылы үздік ауыл шаруашылығы жетістіктерін насихаттаушы	Жақырбеков Нұрлан «Хабар», «24 kz» телеарнасының меншікті тілшісі	Қызылорда
27	баспасөз басылымдар арқылы үздік ауыл шаруашылығы жетістіктерін насихаттау	Байтілес Ержан Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі	Қызылорда
28	баспасөз басылымдар арқылы үздік ауыл шаруашылығы жетістіктерін насихаттау	Өйтимова Ләура Арал ауданының «Ақжол» газетінің тілшісі	Арал

ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ТӨСЕБЛІГЕ УСЫНЫЛҒАН КҮРІШШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

Р/с	Аты-жөні	Аудан, қала	Жұмыс орны, лауазымы	Жеткен жетістіктері
1	Аяғанов Жантас	Қазалы	«Р3А-АГРО» ЖШС күрішшісі	өзіне бөкілтілген 80 га күріштіктен 60 цн өнім алған
2	Қарғабаев Нұрділда	Қармақшы	«Ақтөбе и К» ЖШС күрішшісі	өзіне бөкілтілген 62 га күріштіктен 76 цн өнім алған
3	Қуантаев Серіғзай	Жалағаш	«Таң ЛТД» ЖШС күрішшісі	өзіне бөкілтілген 70 га күріштіктен 80 цн өнім алған
4	Қожалақов Аралбай	Сырдария	«Ақжарма 2» шаруа қожалығының күрішшісі	өзіне бөкілтілген 58 га күріштіктен 77.2 цн өнім алған
5	Қалманов Ақназар	Шиелі	«Төңкеріс К» ШҚ күрішшісі	өзіне бөкілтілген 50 га күріштіктен 85.2 цн өнім алған
6	Қоңыратбаев Қасымхан	Жаңақорған	«Хамит»ШҚ күрішшісі	өзіне бөкілтілген 75 га күріштіктен 54 цн өнім алған
7	Құрақбаев Азамат	Қызылорда қаласы	«Мағжан и К» ЖШС күрішшісі	өзіне бөкілтілген 35 га күріштіктен 75.2 цн өнім алған



Сырдария аудандық мәслихаттың депутаты құрамы халықпен тығыз байланыс жасап, сайлаушылардың мұң-мұқтажы мен аманат-тілектерін арқапал, өз міндетіне мейлінше адал болуды басты назарда ұстап келеді. Елді мекендерді аралап, ауылдардағы әлеуметтік мәдени-тұрмыстық мәселелерді шешуге нақты қадамдар жасалуда. Көкейтесті талап-тілектерді тез арада шешуге ұмтылу, көсіпкерлікті дамыту, қысқа дайындық, көрсету-қоғалдандыру секілді мәселелерді мезгілінде көтеріп, олар өз шешімін тауып отыр.

Аудандың әлеуметтік-экономикалық дамуына, өсіп-өркендеуіне, оның ішінде егін, мал шаруашылығын дамытуда өзінің үлестерін қосып келе жатқан халық қалаушыларының өңбектері айрықша.

Мәслихат сессиялары қаруына мәслихат депутаттарының ұсынымымен, мәслихаттың жылдық жоспарына сәйкес аудан көлеміндегі ең көкейтесті де өтірік әлеуметтік, экономикалық, мәдени-тұрмыстық мәселелер енгізіліп отырады.

Осы кезеңге дейін мәслихаттың барлығы 14 сессиясы өткізілсе, 8-і кезекті, 6-ы кезектен тыс сессиялар болды.

Елбасы тұрақты түрде білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет пен спортты дамыту мәселелеріне басымдық беріп келеді. Сол

шыққан батырларға арқа сүйеді. Әскери өнерді жақсы

менгерген, ақылымен, асқан қайратымен, ерлігімен аты шыққан қол бастайтын азаматтарды алға шығарады. Білік тізгінін Әз Тәуке қолға алғанныан кейін билер кеңесіне батырлар да кеңінен тартылды. Батырлар ел қорғауда алғы шепте болса, екінші жағынан биліктің орталықтануына себепкер болды.

Конференцияда академик Х.Өбжанов қазақ қоғамындағы батырлар институтының маңызы туралы баяндама жасады. Кеңес заманында біздің батырларымыздың бірден-саранының ғана аты аталып, өмір жолы қысқаша түрде энциклопедияларға түрлі идеялогиялық сылтаулар арқылы енгізілетін. Тәуелсіздік алған соң есеміз кеткен бұл істі өз қолымызға алып, 5 мыңдай батырдың өмірдеректері мен ерлігі туралы мақалалар жазылды.

Қазақ тарихындағы батырлар институтының дамуы XVII-XVIII ғасырларда шарықтау шегіне жетті. Ел қорғауда, ұрпақ тәрбиесінде, азаттықты сақтап қалуда батырлар институтының үлгі-өнегесі зор болды. Батырлар институтының болмыс-бітімін анықтау үшін тек аңыз әңгімелерге сүйенуге болмайды. Ол үшін бізге методологиялық мәдениет керек. Тәуелсіздікке дейін өз тарихымызға өзгенің көзімен қарап келдік. Тарих шығаршылығы айналыдырушы – халық, тұлға, билік. Тұлғатанудың бір тармағы – батырларды тану. Оны методологиялық ой-пайыммен көмкермей, батырларымыздың қыры мен сырын түсіну қиынға соғады.

Профессор И.Жеменей рухани жаңғыру мен ұлттық сананың биік деңгейге жетуінің, бойымыздағы мыңдаған жылдар бойы сіңген ізгі қасиеттерімізді табудың маңызына айтыт. Кейбірміздің түсінігүмізде «ұжмақ шет елдерге» деген ұғым қалыптасқан. Адамның туған жері, Отаны қорғаны екенін шетте жүрген қазақтар жақсы сезінеді. Әлемде Отансыз ұлттардың бар екенін, олардың тағдырының қандай екенін білеміз. Сондықтан Елбасы айтқан туған жерге тағзым ету, кіндік қаның таман жердің қасиетін тану әрбірімізге парыз болуы тиіс.

Конференцияда профессор Т.Тебегенов қазақ хандығының бас батыры Текей Қарпықұлының сөз өнері шығармаларындағы тарихи-әдеби бейнесіне тоқталды. Тарих оқиғалардан тұрлады, олардың желісі кейде хатқа түсіп, кейде ауыздан ауызға тарау арқылы халық жадына көшіп отырды. Терме-дастандардағы Текей Қарпықұлының бейнесі оның құрскер рухын, жауына да құрмет көрсеткен тектілігін танытты. Тұрмағамбет, Шегебай, Аманжол ақандардың арнаулары, Қармақшы ауданындағы «Текей қазған», «Текей құмы» деген жер-су атаулары тарихи тұлғаның қайраткерлік қасиеттеріне терең бойлатады. Текей батырдың Түркістанда жерленгені туралы тарихи факт, журналист-жазушы Мырқы Исаястың батыр бабасы туралы «Әз Тәукенің Текей батыры» атты тың деректерді жинаған шағын кітабы, журналист

Т.Дайрабайдың мақалалары үлкен зерттеулерге жол

Биыл республика деңгейінде үш бірдей тұлғаның – Есет батырдың, қаз дауысты Қазыбек бидің және Текей батырдың мерейтойларын атап өту туралы шешім шыққан. Бірнеше күннен бері облыс әкімдігі мен ішкі саясат басқармасы, «Руханиятты қолдау» қоғамдық қоры, Текей батыр атындағы, Т.Көмекбаев атындағы қоғамдық қорлары ұйтық болған шаралар өтіп жатыр.

Конференцияда сөз алған академик Б.Досмамбетов Текей батырдың қазақ халықна тізесін батырып келген Әліке ханның ордасын ортасына түсірген ерлігін, батырдың балаларына тапсырған аманаттары туралы кеңінен әңгімеледі. Қазір Текей батырдан тараған ұрпақтар баба аманатын орындап, еліміздің әр түпкірінде енбек етіп жүр.

Текей батыр Әз Тәукенің оң қолы ретінде мемлекеттік билікке де жиі араласқан. Үш жүздің басын біріктірген Әз Тәукенің билік құрған заманында хас батыр дәрежесінде 22 жыл қызмет еткен. Текей батыр төрт бірдей ірі жорыққа қол бастап барып, бөрінде де жеңіске жеткен. Ол Әз Тәукенің хас батыры болған кезеңде жау жерімізге халса көктеп ене алмаған. Кейін хандық құрған Әбілқайыр кезінде де абыройлы болғанын Тевкелев жазбаларынан анық көрінеді. Әз Тәуке қайтыс болғаннан кейінгі хандар арасындағы тартыс қазақты ақтабан шұбырынды, алқалөк сұламаға ұрындырғанын білеміз. Бұл лал Текей батыр үшін оңай болған жоқ. Осыдан екі жарым-үш ғасыр бұрын ол Жаңадария өзенінің маңын қолай көріп, сол жерді атақонысқа айналдырды.

Қорқыт ата университетінің профессоры М.Аңсаतोа Текей батырдың өз дәуіріндегі роліне, тұлғасына тоқталды. Батыр өмір сүрген кезең – қазақ ұлтының тарихындағы күрделі кезең. Тәуке хан мен Әбілқайыр хан дәуіріндегі тарихи деректер Текей Қарпықұлының тарихи тұлға екенін айқындайды. Тәуке ханның елдің іргесін аман сақтаудағы, анталған көп дұшпанға бет алдырмаудағы, елдің ішкі жағдайын реттеп, саяси-құқықтық тәртіпті орнатудағы даралығына тарих әлдеқашан өз бағасын берді. Осы мақсаттарға жетуде ол өзінің сенімді серікесті, бас қолбасшысы Текей батырға арқа сүйегендігі де дәйекті деректерде қатталған.

Текей Қарпықұлының 350 жылдығына арналған шаралар легі батырлық дастан орындаушылардың республикалық конкурсымен, қазақ күресінен сайыспен жалғасын тауып жатыр.

Ерлігі елге ұстын, ұрпаққа ұран болған бабалардың даңқын жаңғырту бүгінгің еншісіндегі міндет. Мерекелік шараларға қатысушылар келер ұрпақтың жадында жаңғыратын ерлік істердің осылайша дәріптелуін рухани жаңғыру жолындағы қарышта қадам деп бағалады.

Гүлжазира ЖАҒАСОВА.

ЕЛ АБЫРОЙЫ — ЕЛДІКТІҢ ЕНШІСІ

себепті де мәслихат депутаттары осы салалардағы түйін шешілмеген жайттарға назар аударып, сессиялардан күш тәртібіне ұсынып, тиісті шешімін табуына игі ықпал етеді.

Сессияларда аудан бюджетінің қалыптасуы, атқарылуы, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуы, тиісті салалық бағдарламалардың орындалуы жөнінде мәселелер қаралды. Есепті мерзімде өткен сессияларда 129 шешім қабылданып, 26-інеің жалпыға бірдей маңызы бар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты болғандықтан, облыстық әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өтіп, жергілікті басылым бетіне ресми түрде жарияланды.

Сол сияқты мәслихат сессияларында депутаттар мен тұрақты комиссиялардың ұсыныстарына сәйкес көкейтесті деген мәселелер қаралып, депутаттар талқысына салынып келеді. Депутаттардың сессияларда айтылған ұсыныс пікірлері мен сын ескертпелері атқарушы органдар тарапынан назарға ұсталып, олардың орындалуы тұрақты бақылауға алынған.

Атап айтсақ: Мәслихаттың кезекті сессияларында: «Мемлекеттік жастар саясаты мен жастар патриоттық тәрбие беру бағытындағы жұмыстар жайлы», «Ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру барысы туралы», «Әлеуметтік нысандардағы мекемелердің қысқа дайындық барысы туралы», «Кіші және орта кәсіпкерлікті дамытудың жайы және оларды қолдау шаралары туралы», «Мәслихат хатшысының есебі туралы», «Білім беру саласының жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру мен бұқаралық спортты дамытудағы жұмыстар туралы» мәселелер қаралып тиісті шешімдер қабылданды.

Аудан әкімі Ғ.Қазантаевтың есебі екі рет тыңдалды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы және ауыл шаруашылығын өркендету, инвестиция тарту, шағын және орта бизнесті жандандыру, елді мекендерді көркейту-абаттандыру бағытындағы жұмыстарына депутаттар жағары баға берді.



«ӨРЛЕУ» ӨСУ ЖОЛЫНДА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Біздің мақсатымыз аяқпай, бағыттың белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу... Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады» - деп, ХХІ ғасырдағы білімнің алатын орнына тоқталған болатын.

Әлемде өз дамуы барысында білім саласында түпкілікті реформалар жүргізіп, солардың нақты жемісін көріп отырған мемлекеттер өз снес, Сингапур, Малайзия, Финляндия, Норвегия, Германия, Ұлыбритания елдері өздеріне тән ұтымды білім жүйесін құра білуімен ерекшеленді. Бұл елдер заман талабына, халықтың сұранысына, тарихи қалыптасқан ұлттық дәстүрге сәйкестендіріп, әр оқушының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған оқыту бағдарламаларын жасаған. Яғни, адам капиталын дамытуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырду.

Еліміздегі біліктілік арттыру жүйесі өткен ғасырдың 40-жылдарының ортасында қалыптасқан болатын. Республикадағы ең алғашқы біліктілік арттыру институты 1944 жылы Қызылорда қаласында Қазақ көпесіндегі (қазіргі М.Әуезов көшесі) 3 бөлмелі үйде ашылған болатын. Еліміз егемендік алғаннан кейін,білім саласында жүріп жатқан күрделі өзгерістерге қарамастан біліктілік арттыру жүйесі бұрынғы келесітік кезеңдегі ескі қалыпта жұмыс жүргізіп жатты. Алшые жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан біліктілік арттырудың мәзміну мен әдістемесі де бұрынғы деңгейде қалып қойды.

Бұл кезде елімізде мұғалімдердің біліктілігін арттырумен Білім жүйесіндегі басшы қадірларын біліктілігін көтеру жөніндегі республикалық институт, Астана, Алматы және 14 облыстағы біліктілік арттыру институттары, педагогикалық жоғары оқу орындары жанындағы 5 орталық айналысатын. Осы жүйедегі 1666 маманның ішінде 20 ғылым докторы, 123 ғылым кандидаты ғана еңбек ететін. Педагог мамандар дайындайтын ЖОО-лардағы педагогтардың 29,9%-ның ғана ғылыми дәрежелері болды. Бұл көрсеткіш АҚШ-та – 75%, Канадада – 90%, Ұлыбританияда 100 пайыз болатын.

Мұғалімдердің білімін жетілдіру деңгейі де төмен күйде болды. Халықаралық зерттеулер бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан 53-орында орналасқанын анықтады.

Облыстардағы біліктілік арттыру институттарының материалдық-техникалық базалары төменгі деңгейде қалды. Тіпті, мектептердің техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталуы біліктілік арттыру институттарының жоғары болатын.

Ең бастысы, еліміздегі барлық институттар бір-бірімен ес байланысыз, өз беттерінше жұмыс жасайтын. Астананда біліктілік арттыру бір бағытта жүрсе, Қарағандыда тіпті өзгеше, Қызылордада ол мүлдем басқаша жүргізілетін. Бір институттар кафедралық жүйеде жұмыс жасаса, екіншілері кабинеттік жүйе бойынша еңбек ететін. Штаттық кестелер өз институтта әртүрлі болатын. Институттар облыстық білім басқармаларының қол астында мекеме ретінде жұмыс жасайтын, яғни, 10%-біліктілік арттырумен, 90% білім басқармасы тарапынан, біліктілік арттыруға еш қатысы жоқ жұмыстармен айналысатын.

Еліміздегі біліктілік арттыру жүйесінің мұндай шарасыз күйі түбегейлі шешімдер қабылдауды талап етті. Осы кезде педагогика саласында ұзақ жылдар табысты еңбек етіп жүрген, Білім жүйесіндегі басшы қадірлардың біліктілігін көтеру жөніндегі республикалық институттың директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Гүлнәс Қеңжетайқызы Ахметова ҚР Білім және ғылым министрлігі алдына мүлдем жаңа, тосын ұсыныс жасады. Ғалым елімізде бір орталыққа бағындырылған, біртұтас бағытта біліктілік арттырумен айналысатын Ұлттық орталық құру мәселесін көтерді.

Осыдан 5 жыл бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы №232 қаулысына сәйкес елімізде ТМД елдері арасында ешқандай баламасы жоқ, біліктілік арттырудың жаңа жүйесі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Оның құрамына Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институт, Алматы, Астана қалалары және 14 облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттары енді. Бұрын әрқайсысы өз бетінше жұмыс жүргізіп жатқан институттар бір жүйеге біріктірілді.

Қазіргі уақытта Қызылорда облыстық білім Педагогикалық шеберлік орталығы бірігіп дайындаған деңгейлік Бағдарламалар бойынша қазақстандық мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дамыту бағытында жаңа әдіс-тәсілдер оқыту үдерісін ендірілуде. «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» озық тәжірибелерін жалпы білім беретін мектептердің оқыту тәжірибесіне енгізу бағытындағы жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде.

Мектептегі басты тұлға – мұғалім екендігі белгілі. Технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалімнің ролін ешқоректен ауыстырма боймайтнын халықаралық тәжірибелер көрсетуде. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті адамдарды білікті мұғалімдер, кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыған келес ұстаздар ғана тәрбиелей алады.

Қазір бұрынғы 36 сағаттық біліктілік арттыру курстары орнына 72, 120, 160, 470, 640 сағаттық және деңгейлік 3 айлық курстар өткізілуде. 2015 жылдан бастап «Өзін-өзі тану»

пәнінен 3 айлық деңгейлік курстарды өткізу қолға алынды. 2016 жылдың ІІІ жартыжылында жандарналған бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курстары өткізілуде. Ұстаздардың білім беру саласындағы жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды терең игеруіне басым бағыт берілуде. Жылына 70 мыңнан аса ұстаздар «Өрлеу» арқылы біліктілік арттыру курстарынан өтіп, еліміздегі білім реформасының табысты жүзеге асыруа өз үлестерін қосуда. 1944-2012 жылдар аралығында институтта 80 мыңға жуық тыңдаушы курстан өтсе, «Өрлеу» құрылғалы 26 мыңға жуық тыңдаушы біліктіліктерін арттырды.

Барлық институттарда модульдік оқытуға негізделген оқу бағдарламалары ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітіліп, бүкіл оқу процесі елімізде бір бағытта ғана жүргізілуде. Ұлттық орталықта оқытушылар құрамының сапалық деңгейіне де жоғары талаптар қойылуда. Мысалы, 2012 жылы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында 2 ғылым кандидаты ғана еңбек етсе, қазір 2 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты, 17 ғылым магистрі қызмет етуде. Осы жылдары филиал оқушылары ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулерге арналған 7 монография, 381 мақала, оның ішінде іштелдік белгілі басылымдарда 91 мақала жарияланды.

Оқытушыларымыздың шетелдің алдынгы қатарлы оқу орындары мен орталықтарында білімдерін көтерулеріне барлық жағдай жасалынған. 18 оқытушымыз Ұлыбритания, Франция, Австрия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Австралия және Ресейдің беделді оқу орталықтарында болып, алған білімдерін біліктілік арттыру курстарында пайдаланылуда. Сонымен қатар, осы жылдары шетелден 11 халықаралық әдіскер-консултант келіп, филиал оқытушылары мен тыңдаушыларына әдістемелік көмектер көрсетті.

Институтта көрнекті ғалымдар және қоғам қайраткерлерімен кездесулер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Атақты академик Асқар Жұмалидов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, Қоғамхмет Баймаханов, Бекмырза Еламанов, Мәжіліс депутаты Құттықхожа Ыбырайсов, Паталыя Жұмалдидаева және т.б. қоғам қайраткерлерімен кездесулер өтті.

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығының» барлық филиалдарының материалдық-техникалық жағдайларын нығайту мәселесі де күн тәртібінен түсеуде. Барлық филиалдар монобюджет, ноутбуктер, интерактивті тақталар, планшеттер, видеокамералар, компьютерлік кластерімен және мини-типографиямен қамтамасыз етілген. Институтта «Өзін-өзі тану», «Монтессори» және робототехника кабинеттері жұмыс жасайды.

Сонымен бірге, республиканың басқа өңірлерінде жоқ «Тәжірибе алаңы» жобасын айырықша айту қажет. Облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің (төрайымы Р.Байназаров) демеушілігімен Жаңақорған ауданындағы санаторий базасында облыстың шығармашылығын жұмыс жасайтын 100 мұғаліміне институт тренерлері айта бойы дәріс оқып, практикалық жұмыстар мен тренингтер өткізіп, ұстаздардың әдіснамалық, теориялық және технологиялық жағынан біліктіліктерін арттыруларына көмектесті.

Ынылғы жылы білім мәзміну жаңартылған бағдарламалармен қатар төмендегі бағыттарда біліктілік арттыру курстары өткізілуде:

- 470 және 640 сағатты жаратылыстану: физика, химия, биология және информатика пәндері мұғалімдерін ағылшын тілінде дәріс беруге дайындайтын курстардың өтуі. Бұл – курстардың 1 айында Англиядан келген маман дәріс беретіі және тыңдаушылардың білім деңгейін Кембридж университетінің мамандары бағалайды. Қазіргі таңда 470 сағаттық курс аяқталды, тыңдаушылардың нәтижесі 97,2% пайыз. Бұл – республикадағы жоғары көрсеткіш. Кембриджден 36 сертификаттың 35-і алынды.

- физика және информатика пәндерінің мұғалімдеріне арналған «Робототехника негіздері» тақырыбында курстардың ұйымдастырылуы. Робототехника кабинетіне 2 млн теңгеге қажетті құрал-жабдықтар алынды.


- оқытудың жаңа формасы Аралас оқу (Blended learning) режимінде 3 курстар ұйымдастырылды, яғни, дәрістер off-line және on-line режимінде өтеді. Барлық оқу материалдары, оқу бағдарламалары және дәрістерге байланысты бүкіл контенттер «Өрлеудің» студиясында дайындалып, Оқыту сайтына орналастырылды.

Ұлытау төрінде берген сұхбатында Елбасы «Менің арманым, оқым – Қазақстандағы университеті білім болуы. Сондықтан мен Мәңгілік Ел деген идеяны ұсынамын», - деді. Мәңгілік ел дегеніміз – дамыған ел, білімді ел.

Елдің экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы, бәсекеге қабілеттілігі, ұлт болашағы, адам капиталының деңгейі мен мемлекеттің қауіпсіздігі сол елдің білім беру жүйесінің дамуы мен білім сапасына тікелей байланысты.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - дейді дана халқымыз. Еңбегіне, тұтыры білік тәуелсіз Отанымыздың дамуы, Елдеміз өркенштігін төрінен озіне лайықты орнын ойып алуы жолында жұмыла еңбек етейік!

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ
филиалы Қызылорда облысы бойынша
ПҚ БАИ директоры, профессор.



ТЫҢ ЖОБАЛАРҒА ТҮРТКІ БОЛҒАН

Мемлекет басшысы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалдада Қазақстанның заманауи келбетін танытуға арналған бағыттың бірі – «100 жаңа есім» жобасы. Өз ісімен елге танылған жандарды кейінгі буынға үлгі ету арқылы жастарды жаңа жетістіктерге жетелейтін жобаға қатысушыларға қазіргі таңда el.kz сайты арқылы дауыс беру жүргізілуде. Өңірімізден үздік жүздікке үміткер ретінде қатысып жатқан жанның бірі – Сымбат Әбдрахманова. Қоғамға қажетті бастамаларымен көзге түскен жас маман озықтар қатарынан орын алуға лайық деп санаймыз. Себебі...

Ол әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған бірнеше жобаның авторы. Соның ішінде тоқталып өтетін тамаша бастамасы – балаларға арналған қазақ тіліндегі мультфильмдер. Бұның басты артықшылығы балалардың санасын дамытуға арналған. Сонымен қатар, артық шығынсыз-ақ жүзеге асырылады. Сымбат тілінде мүкістігі бар балаларға арналған бірнеше мультфильм шығарды. Атап өтсек, «Дыбыстарды» машықтандыру», «Көңілді түстер» деп аталатын жас өскінінің санасына лайықталған көрсеткімдер жасады. Одан бөлек, жасөспірімдер арасындағы психологиялық өзгерістерді анықтауға арналған «Логоритмика» әдістемелік құралы, сондай-ақ «Ком-

пьютерлік психодиагностика» атты жобалары қоғам үшін қажетті. Келешегін ұрпағымен байланыстыратын қай ел үшін де жастар мәселесі бірінші орында болмақ. Ал кейінгі буында кезігетін мәселелерді қанаты қатаймай тұрып алдын алудың мандызы ерекше. Сондықтан жерлесіміз жасаған жаңа істі ел болашағы үшін жасалған жұмыс деп бағаласа болғандай.

Сымбат Нұртазақызы 1988 жылы 10 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Абылай хан атындағы Казак Халықаралық катынастар мен Әлем тілдері университетінде 2005-2009 жылы «Филология» мамандығы бойынша, 2007 жылы Иран мемлекетінің «Таботабони» университетінде арнайы біліктілік арттыру курсында білім алды. Ол жастайынан-ақ жетістікке ұмтылды. 2008 жылы парсы тілі бойынша Орта Азиялық олимпиадада І орын алған. «Педагогикалық ізденіс» ғылыми-әдістемелік журналының редакция алқасының мүшесі. Сонымен қатар, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігінде аудармашы қызметін атқарды. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, білімін жетілдіру үшін ілесе аудармашы мамандығы бойынша магистратурада білімін шыңдады. Жобаларымен танылған жас маман Қызылорда облысының білім басқармасы жанындағы облыстық оқу орталығында қызмет атқарауда.

М.ЖАСҰЛАН.

Құрметті оқырман!

Республикалық әдебиет-мәдени, танымдық журналға 2018 жылға жазылу жүріп жатыр. «Мұқағали» журналы жоғары оқу орындарына, ұстаздарға, дәрігерлерге, зиялы қауым өкілдеріне, әдебиетшілерге, ауыл тұрғындарына арналған басылм! Журналға «Қазпошта-пын», «Евразия-пресс», «Эврика-пресс», «Казпресс» агенттіктерінің кез келген жергілікті бөлімшесі арқылы жазылуға болады. Басылым каталогтарға енгізілген.



Журналдың жазылу бағасы:

№	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1	1 ай	737,30	741,60
2	6 ай	2211,90	2224,80
3	12 ай	4423,80	4449,60

Жазылу индексі – 75312.

Қылышынан қан тамған батырларды, тіл ұшынан бал тамған ақын жырлар



Қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрескерлігімен тарихқа енген Есет батыр Көкілдың туғанына 350 жыл толуына орай Жалағаш ауданында тағылымы мол шара өтті.

Оуелі батыр есімі берілген бұрынғы «Ақарық» аулының орталығында Есет батырдың қоладан құйылған кеуде мүсінінің ашылу рәсімі болды. Азаттық үшін аттан түспей алысқан батыр рухының орталарына оралғанына шаптанған ауыл тұрғындары байғыз шашуын шашып, аруаққа бағышталған құранға қол жайды.

Мұнан соң аудан орталығындағы мәленет үйінде «Ұлт тарихы мен руханиятындағы Есет батырдың ролі» деп аталатын ғылыми конференция басталды.

Конференция жұмысын ашып, алғысөз алған облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов облыс әкімі Қ.Көшербаевтың конференцияға қатысушыларды құттықтаған хатын оқыды.

Алғашқы болып мінберге шыққан батырдың ұрпағы, көрнекті композитор Илья Жақанов батыр бағына тоқталып, ұлт тұңғаларын ұлықтау ұрпақ тәрбиесінің басты құралы екендігін атап өтті. Сондай-ақ, ол жамқанда ғана Астандағы көшелердің біріне Сыр бойында ізі мен ізгілігі аңыз болған Қарабұра әуліменің аты берілгенін сүйіншілеп айтты.

Онан әрі елімізге белгілі тарихшылар – Х.Ажжанов, Ә.Мұхамедханұлы, Б.Кәрібаев, Н.Мыңжас

қазақ хандығы кезеңіндегі қоғам, Есет батырдың дәуірі, бабалар ерлігі мен бүгінгі күннің сабақтастығын тақырып өзегі еткен тұшымды баяндамалар жасады.

Конференцияны қорытындылаған мәслихат хатшысы Н.Байқадамов Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасы аясында атқарылып жатқан шаралардың ұрпақ игілігіне тигізет зор пайдасы туралы айта келіп, батырды зерттеу-зерттеушінің ауқымы мұнан әрі кеңейт түсетінін еске салды.

Батыр тойының бір мапшынған қызығы қолына ақ домбыра алған ақындар айтысымен айышқаталды.

Аузымен құс тістеген – М.Ниязов, Д.Хамиев, А.Әзөбеков, А.Қалиев, Р.Қайыртай, Н.Мансуров, М.Сұлтанхан, Е.Әбдиев, Ш.Сезімхан, С.Әділбек сияқты сөз жүйріктері батыр мүсінін жырдан қалап, халық рухын тағы бір биікке алып шыққандай әсерге бөледі.

Ақындар қоғамдағы кемшіліктер мен адам құндылықтарын өлемен өріп, арасында көптеген серіттер әзімлен де қол соқтырды. «Қайтсді бұл ел батыр болмағанда, жау келсе тығылатын тауы да жоқ» деген Рүстем Қайыртайдың ұтырылы әзілі немесе Мұқтар Ниязовтың өз қарсыласы «Тұмар ханым ол менің апам елі, Кесіп ап Кірдің басын меске салған. Қорқытып отырғам жоқ апамменен,

Былайынша тарихты еске салған» деп қалжыңмен қағытуы да тыңдарманның талғамынан шыққан тапқыр шумақтар болды. Сонымен бірге Шұғайып Сетімханның «Баламның атын қойдым Ханімем деп», деген сөзіне қарсыласының «Ашулыдан хан иенді ұрасын ба, келініне ханшайым деп тұрасың ба?» деуі де ақындардың тосылмай сөз суырып салатын дарынын танытты.

Батырдың сом бейнесін соғып, халықтың рухани кенезесін сусындатқан айтыскерлер сайыс қорытындысында қомақты ақшалай жүлделермен марапатталды. Бас бөйге қарағандылық Айбек Қалиевтың қанжығасына байланса, бірінші орынның олжасын жерлесіміз Ержеңіс Әбдиев алды. Мұнан кейінгі орын мен сыйды Р.Қайыртай, Д.Хамиев, А.Әзөбеков секілді айтыскерлер өзара бөлісті.

Ауылға келген ақындарға «Алтын домбыра» иегері Мұқтар Ниязов әдептен жол беріп, қонақ сыйлайтын салтымыздық бұзылмай сақталғанын тағы бір паш етті.

Ел бесігін рухымен тербеткен Есет батырдың мерейлі шарасы осылайша жұрт ойында ұзақ сақталатын дәріпмен дараланды.

Қазақ тәуелсіздігінің тарихына аты алтын әріптермен жазылған ұлт тұтғаларының бірі, ақ алмасты батыр, атақты қолбасшы Текей Қарпықұлының облыс орталығында аталып өткен тойы да қызыл тілмен темір иіп, түйін шешкен айтыс ақындарының сөз саймасымен асқақтай түсті.

Айтысқа орны аламының ортасы мен алдынан төмендеген кіл жау-құрықтқлар, тағалы тұңғыштар келген екен. «Арқанаң ар қылы қымбат» дегеней. Жүрсің Ерманның жүйріктерің бағалау қазылар алқасына да оңай соқпаған сияқты. Сайысты қорытындылаған қазылар төрағасы, Текей батыр зерттеушісі, ғалым Темірхан Төбегенов батырдың тұтласан қара өлеңмен қашап соққан ақындарға ризалығын айта келіп, кіл жүйріктерін шың жүйрікті айтырудың қиын болғанын жасырмалды. Дегенмен, айтыстың аты айтыс, оның бағасы берілуді тиіс.

Сонымен миллион теңгелік бас бөйгені Есет батырдың айтысында қонақтарға арнайы жол берген, екі мәрте «Алтын домбыра» иегері, жерлесіміз Мұқтар Ниязов жеңіп алды. Сайыстың тапсырған академик Б.Досманбетов «Тәуелсіздікті айтыс ақындарындай доріттеген ешкім жоқ» деген сөздің ақиқаты бүгін тағы көрілді. Ақындарға батыр рухы қашан да дем бере жүрсін» деп алғысөз білдірді.

Бірінің орынның бөйгесі айтулы айтыскер Рүстем Қайыртайға тиесілі болды. 2-орын кеше ғана Шиялдай Шахмардан Есеновтің тойында бас бөйгені жеңіп алған Мейрбек Сұлтанханға, 3-орын тағы бір ишелік ақын Ержан Әміров пен жетісулық сөз жампозы Аспанбек Шұғаевқа лайықталды.

Бұл сайыстардың сөз сайысын бағалаған Т.Төбегеновпен бірге ақын Ш.Әбдікәрімов, айтыскер А.Олпасов, әнші-сазгер Е.Әбдіхалықова, ақын Д.Нәзірғалиев секілді өнер тартындағы табылдары.

Міне, осылайша үш күн бойы Сыр елінің топырағын қазақтың қос батырына арналған айшықты шаралар рухпен түлетіп, рәуіш жыр құндағына бөледі.

Д.АЖЫЛҰ.

ЖЕТЕКШІ АРНАДА — ЖАҢА МАУСЫМ

Аймақтық төл арның жаңа маусымы ашық. Бейсенбіде «Қазақстан» РТРК» АҚ облыстық филиалының ұжымы осыған байланысты презентациялық кеш ұйымдастырды.

«Қазақстан» РТРК» АҚ баскарма төрағасының орынбасары Серік Егізбаев жаңа маусым Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты байланы жоғары бағдарламалық мақаласымен біте қайналатынын атап өтті. Осы арада «QAZAQSTAN» телераисы жаңашылдықпен бастамасына айналды. Көрсерменді жаңа референдинімен, бағдарламаларымен, дизайнмен қуантып, Бір студияға білік пен оппозиция өкілдерін жинап, өркеннетті түрде ашық пікір білдіруіне мүмкіндік туғызды. Ақпаратшық, шығармашылық, редакциялық саясат жаңа бағытқа бұрдылды.

Мемлекет басшысының латын қарпіне көшу туралы бастамасына алғашқылардың бірі болып ілскен «QYZYLORDA» телераисы да бұл жолы көрсермене тың жобалар, бәсі біік бағдарламалар әзірлеп отыр. Олардың басым бөлігі ұлттық қодты саяқта, рухани жаңғыру бағытында. Келесі жылы дәстүрлі өнші Әмірқұл Айниязовтың қатысуымен «Ақын, тілім, сөйлеуі» жобасы көпшілікке жасалды. Жоба Сыр бойындағы жырарулық өнердің көрнекті тұтғаларының шығармашылығын насихаттауға негізделген.

Саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және жоғары тұрған сайлау комиссиясы назарына

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты облыстық сайлау комиссиясының құрамынан шығып қалған 1 мүшенің орнына сайлау өтетіндігін хабарлайды.

Жоғарыда аталған Конституциялық Заңның талаптарына сәйкес әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидаттура ұсынуға құқылы. Облыстық сайлау комиссиясының құрамында «Нұр Отан» партиясы, Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы, «Бірлік» саяси партиясы, «Қазақстан коммунистік халық партиясы», «Туған жер» қоғамдық қозғалысы. Қауымдастығынан мүшелер болғандықтан, олардан басқа саяси партиялардан немесе өзге де қоғамдық бірлестіктерден және жоғары тұрған сайлау комиссиясынан ұсыныстар 2017 жылғы 30

қазан – 2017 жылғы 30 қараша (сағат 19-ға дейін) аралығында қабылданады. Белгіленген мерзімнен кейін түскен құжаттар қарамалды.

Ұсыныста үміткердің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, күні, айы, ұлты (үміткердің келісімімен), білімі, мамандығы, қызмет орны, атқаратын қызметі, қызметтік және пәтерінің телефон нөмірлері көрсетіліп, саяси партия немесе қоғамдық бірлестік, жоғары тұрған сайлау комиссиясы басшысының қолы қойылған болуы керек.

Жоғарыдағы мәліметтерге қоса мына